



**БҰЙРЫҚ**

2020 жылғы 13 тамыздағы

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 505

город Нур-Султан

**COVID-19 күдігі бар және онымен ауырған науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру туралы**

COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу және халыққа уақтылы медициналық, консультациялық-әдістемелік және оңалту көмегін көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (келісім бойынша):

Облыстық немесе қалалық жедел медициналық жәрдем станцияларында (бұдан әрі – ЖМЖ):

1) COVID-19 коронавирус инфекциясының профилактикасы, диагностикасы және емдеу мәселелері бойынша медицина қызметкерлерін оқыту және ақпараттандыруды;

2) қажетті дезинфекциялық құралдар мен жеке қорғаныш құралдары қорының болуын;

3) Қазақстан Республикасының Бас санитариялық дәрігерінің қаулыларына сәйкес жедел медициналық жәрдем бригадаларының инфекциялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты сақтауын;

4) ЖМЖ жанындағы Call-орталықтардың жұмысын күшейту, қажет болған жағдайда диспетчерлік қызметтерге шақыруларды қабылдау үшін қосымша пункттерді ашуды;

5) жіті вирустық аурулардың симптомдары бар пациенттерге, оның ішінде қауіп тобындағы адамдарға (жүкті әйелдер, егде жастағы адамдар және созылмалы аурулары бар адамдар) басымдылықпен медициналық көмек көрсетуді;

6) COVID-19 коронавирус инфекциясын жұқтыру және оның асқынуының профилактикасы шаралары және жедел респираторлық аурулардың алғашқы симптомдары пайда болған кезде медициналық көмекке уақтылы жүгіну қажеттілігі туралы, соның ішінде Call-орталықтарының жұмысы есебінен халықты жүйелі негізде хабардар етуді;

7) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуы жағдайында ЖМЖ бригадаларының іс-қимыл алгоритміне сәйкес ЖМЖ жұмысын ұйымдастыруды.

медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) ұйымдарында:

1) қашықтықтағы форматта амбулаториялық деңгейде медициналық қызметтерді көрсетуді;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтер кешенін көрсететін (үйге шақыртуларға қызмет көрсету, пациенттерге консультация беру (аудио-бейне), биологиялық материалдардың үлгілерін алуды жүргізу, рецептер тағайындау, дәрілік заттарды үйге жеткізу және тағы басқалар) МСАК жанынан мобильді бригадаларды құруды;

3) өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты профилактикалық медициналық қарап-тексерулер мен скринингтерді жүргізуді тоқтата тұруды;

4) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүкті, босанатын және босанған әйелдерге медициналық-профилактикалық көмек көрсетуді;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес балаларға медициналық-профилактикалық көмек көрсету, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, вакцинациямен қамтуды;

6) пациенттер алдын ала жазылу және (немесе) жіті ауру бойынша МСАК ұйымына жүгінген кезде дәрігерге дейінгі кабинеттерде (сүзгі) медициналық көмек көрсетуді;

7) МСАК ұйымының бір учаскесіне екі пульсоксиметр есебінен медицина қызметкерлерін пульсоксиметрлермен қамтамасыз ету;

8) «Уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығына сәйкес COVID-19 бар пациенттер үшін уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын МСАК ұйымына пациенттерді бармай алты күнге ресімдеу, кейіннен қажет болған жағдайда онлайн ұзартуды;

9) пациенттерді ақпараттандыру және бағыттау, психологтарды тарту арқылы халыққа психологиялық көмек көрсету бойынша МСАК жанындағы Call-орталықтардың жұмысын күшейтуді;

10) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес алгоритмге сәйкес COVID-19 коронавирус инфекциясы бар науқастарды амбулаториялық бақылау үшін қауіп факторлары мен жағдайларын уақтылы бағалауды;

11) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес алгоритмге сәйкес COVID-19 коронавирустық инфекциясының симптомсыз түрі бар науқастарды амбулаториялық басқаруды;

12) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес алгоритмге сәйкес COVID-19 коронавирустық инфекциясының жеңіл түрі бар пациенттерді, оның ішінде қауіп тобындағы (созылмалы аурулары бар) және пневмония ауруы бар (COVID-19 коронавирустық инфекцияның ықтимал жағдайы) пациенттерді амбулаториялық деңгейде қадағалап қарау;

13) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес COVID-19 коронавирустық инфекциясының симптомсыз және жеңіл түрімен ауыратын науқастарды амбулаториялық бақылаудың бақылау парағын толтырып, кейіннен денсаулық сақтаудың медициналық ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі - МАЖ) мәліметтерді енгізуді;

14) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес алгоритмге сәйкес созылмалы аурулары бар науқастарды, оның ішінде 60 және одан жоғары жастағы адамдарды динамикалық байқау, оның ішінде COVID-19 коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдай кезеңінде вакцинопрофилактика жүргізу;

15) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес алгоритмге сәйкес тәулік бойғы стационарға емдеуге жатқызу үшін COVID-19 коронавирус инфекциясы бар науқастардың жағдайын уақтылы бағалауды жүргізу.

Пациенттерде пневмония белгілері болған кезде мынадай зертханалық зерттеулер жүргізу қажет: ПТР-тест, қанның жалпы талдауы, С-реактивті ақуыз, Д-димер.

16) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес стационардан ерте шығару өлшемшарттары бойынша тәулік бойғы стационардан шығарылған пациенттерді (ауыр және қиын жағдайдағы пациенттерді қоспағанда) «Үйдегі стационар» жағдайында емдеуді жалғастыруды;

17) COVID-19 коронавирус инфекциясы бар пациенттерді және қауіп тобындағы адамдарды (егде жастағы және созылмалы аурулары бар адамдар) диагностикалау және емдеу үшін қажет болған жағдайда онлайн консилиумдарды, «Онлайн дәрігер» форматында бейінді мамандардың консультациясын уақтылы ұйымдастыруды;

18) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жадынамаларды тираждау және тарату арқылы COVID-19 короновирус инфекциясының профилактикасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді (дені сау адамға арналған жадынама, жіті респираторлық вирусты инфекциясы бар пациентке арналған жадынама; ауру белгілеріндегі айырмашылық бойынша жадынама, үйде отырған пациентке арналған жадынаманы, емдеуден кейін стационардан шығарылған пациентке арналған жадынама) қамтамасыз етсін;

19) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес амбулаториялық-емханалық деңгейде медициналық оңалтуды көрсету алгоритміне (3-кезең) сәйкес, оның ішінде қашықтан медициналық қызмет көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен халыққа медициналық көмек көрсетуді;

20) COVID-19 коронавирус инфекциясы, пневмония және созылмалы инфекциялық емес аурулары бар пациенттерде негізгі аурудың өршуі расталған жағдайда (артериялық гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабеті және басқалар) 65-тен асқан адамдарда, оның ішінде медициналық-әлеуметтік мекемелерде қамқорлықтағы адамдарда пациенттердің бұл санаты емдеу, диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізу үшін емдеуге жатқызылады;

21) МСАК ұйымдары COVID-19 коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдай кезеңінде халыққа қызмет көрсетуді қатаң аумақтық қағидат бойынша қамтамасыз етсін;

22) МСАК ұйымдары көрсетілім болған кезде ЖРВИ және пневмония белгілері бар пациенттерге күннің бірінші жартысында алдын ала жазылу бойынша консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетуді, күннің екінші жартысында басқа аурулары бар пациенттерге консультациялық - диагностикалық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау вице-министрі**

**А. Гиният**